

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

FTAMP 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp5-17](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp5-17)

А.М. Елубай¹, Г.Ә. Сәрсекелі¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІН ЛИНГВОМӘДЕНИ ЗЕРТТЕУ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі «әйел» концептісін лингвомәдени зерттеу аспектілері қарастырылады. «Әйел» концептісі қазақ және түрік тілінде сөйлеушілердің ой-санасындағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Мақала қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі «әйел» концептісін салыстырмалы зерттеу нәтижелеріне арналған.

Қазақ және түрік тіліндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттей отырып, «әйел» концептісінің ұлттық сипатын ашу, ұқсастықтарын айқындау, ұлттық ерекшеліктерін сипаттау негізгі мақсат болып табылады.

Лингвистикадағы антропологиялық лингвистика және мәдени антропологиялық ғылымдарының даму өрісі мен үрдісі, концепт өрісінің негізгі өзегі болып табылатын адам, оның ішінде «әйел» концептісінің тілдік бейнесін қазіргі тілтанымдық ғылымның жалпы антропоөзектік бағытымен ұштастыру жұмыстың өзектілігін құрайды.

Қазіргі заманғы лингвистика ғылымы тілдің бір-бірінен өзіндік ерекше заңдылықтар арқылы ерекшеленіп, оқшауланумен бірге, олардың көпшілігіне тән ортақ заңдылықтардың да бар екендігін дәлелдеп отыр. Аталған лингвомәдениеттердегі «әйел» жайындағы негізгі типтік көзқарастарды айқындайтын, екі елдің тілдік санасында аталмыш концептіні құрылымдайтын басты когнитивтік стереотиптер сипатталды, «әйел» концептісінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде «әйел» концептуалды сферасының түрік және қазақ тілдеріндегі ұқсастықтары мен ерекшеліктері туралы тұжырым жасалды.

Кілт сөздер: когнитивті лингвистика, әлемнің тілдік бейнесі, мақал-мәтел, концепт, «әйел» концептісі, лингвомәдени бірлік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі тіл білімінде ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттың бірі – когнитивті лингвистика, ол тілді адам санасын бейнелеу құралы ретінде зерттейді. Қазіргі когнитивті лингвистика концептіні ақыл-ой бірлігі ретінде қарастырады, ал тіл адам санасының мазмұны және ұлттық санаға қол жеткізу құралы ретінде әрекет етеді. Сондықтан ұғымдарды объективтендірудің тілдік құралдарын талдау адамның концептосферасын зерттеуге және сипаттауға мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдер фольклордың бір бөлігі бола отырып, дүние, әлем туралы ұжымдық түсініктердің, салт-дәстүрлердің, нормалардың тілде орныққан формаларының бірі болып табылады. «Дүниетанымның архаикалық элементтерін сақтайтын мақал-мәтелдер тілі адамзат мәдениеті формаларының ең бай және сенімді құжаттық дәлелдерінің бірі болып табылады» [1].

Мақал-мәтелдердегі халықтық менталитеттің жарқын көрінісі, мақал-мәтелдердің тұтас бейнесін қайта жаңғырту мүмкіндігі оларды салыстыра зерттеудің өзектілігін арттырады.

Қазіргі уақытта екі туыстас тілдің (біздің талдауымызда қазақ және түрік тілдері) мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу сөзсіз үлкен қызығушылық тудыратыны анық. Мақала қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердің генетикалық және типологиялық қасиеттерін дәстүрлі айқындауды емес, осы екі тілдің мақал-мәтелдер қорында көрініс тапқан «әйел» концептісін салыстыра зерттеуді көздейді.

КІРІСПЕ

Когнитивтік лингвистика саласының басты ұғымдарының біріне айналған «концепт» ұғымы соңғы уақыттарда шетелдік тілтанымда ғана емес, отандық тіл білімі саласында кеңінен қарастырылып жүрген мәселелердің бірі. Концепт ұғымының анықтамасы, мәні, маңызы және оған қатысты басқа да мәселелер жан-жақты қарастырылғанымен, аталған ұғымға байланысты нақты бірізділіктегі түсінік қалыптасқан жоқ.

Әлемдік лингвистикада концептіні зерттеудің 4 аспектісі қалыптасқан. Отандық тіл білімінде лингвокогнитивтік (Қ.Жаманбаева, Э.Д. Сүлейменова, Н.Аитова, Б.Нұрдәулетова, Э. Оразалиева, К.Садирова, С. Жиренов, А. Әмірбекова, т.б.) және лингвомәдениеттанымдық (Е. Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н. Уәли, Г.Смағұлова, Б.Тілеубердиев, Б. Ақбердиева, Г.Снасапова, А. Ислам, М. Күштаева, т.б.) аспектілер бойынша аталған ғалымдар тарапынан көлемді әрі құнды зерттеулер жүргізілді.

«Концепт ұғымы адамның ойлау әрекеті мен тәжірибесін, білімін білдіретін, дүниені танып-білудің адамзаттық тәжірибесі мен білім «квантын» танытатын мағыналар»[2]. Ғалым А. Ислам: «Концепті – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым», – деп анықтайды [3]. Ал зерттеуші С.Жиреновтің пайымдауынша: «Концепт – ойлау мен таным және мәдени үдерістердің жиынтығы бола келіп, адам ойындағы ғалам бейнесінің өзіндік белгілерінің ассоциациялануының нәтижесі. Концепт – тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық-танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасында жинақталған аялық білімнің шоғыры – тілдік-танымдық бірлік. Концептілік мәнге ие доминатты талдау арқылы ақиқат дүниенің тілдік бейнесін тануға ұлттық-танымдық мәдениеттің қалыптасу жолын білуге, сол арқылы бүгінгі тұрмыстағы хал-ахуал жайлы аялық білімде жинақталған ақпаратпен танысуға болады» [4].

«Концепт – бұл белгілі бір этномәдениеттің тасымалдаушыларын сипаттайтын лингвомәдени ерекшелігімен ерекшеленетін семантикалық білім [5].

Бүгінгі күні тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма адамды тілдік тұрғыдан жан-жақты танып білуге бағытталған. Тіл адамзаттың дамуы мен жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Ол адамның туа біткен қабілеті арқылы жеткен, тұлғаның тілдік ортадағы қарым-қатынасы барысында қалыптасқан жетістігі. Тіл тек денотативтік (таңбалық) сипатты құрал ғана емес, сонымен бірге коннотативтік құрал. Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – ХХІ ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт уағызы. Кейінгі кездерде ғалымдар адамның биологиялық жынысынан гөрі әлеуметтік жыныс мәселелерін сөз етуге бет алды. Мәдениет аясында еркек пен әйелге тән қалыптасқан (еркектік, әйелдік) және тілде көрініс беретін мінез-құлық ерекшеліктерін біліп, түюдің мәні зор. Ол жыныс өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік орнымен белгіленеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Жоғарыда айтылып өткен мәселелерден бөлек әртүрлі лингвистикалық мәдениеттерде лексикалық бірліктердің семантикасын салыстырмалы зерттеудің де маңыздылығы артып келеді. Ғасырлар бойғы этносаралық өзара әрекеттесу жағдайында өмір сүретін шағын және

үлкен этностардың концептілерін зерттеу қарым-қатынасты үйлестіруге, толеранттылықты дамытуға және этносаралық-мәдени қарым-қатынас мәселелерін шешуге ықпал етуі мүмкін.

Мақал-мәтелдердің тіл білімінде, оның ішінде қазақ және түрік тілдерінде әр тұрғыдан азды-көпті зерттелініп келгені мәлім.

Мақаланың зерттеу материалы ретінде қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдер алынды. Рухани және материалдық мәдениеті ұқсас екі ұлт танымдарындағы ортақ мақал-мәтелдерге этнолингвистикалық талдау жасалынды.

Қазақ және түрік тілдерінің мақал-мәтелдеріндегі «әйел» концептісінің семантикалық құрылымы талданады.

«Әйел» концептісінің концептуальдық, образдық және құндылық компоненттерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады.

Мақалада лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастыру және салыстырмалы әдістер қолданылды.

Зерттеу жұмысының материалы ретінде ұлттық танымның ерекшелігін көрсетуде, ұлттық дүниетанымды беру мақсатында, этнос болмысын, таным-түсінігін әр қырынан көрсетуде мол ақпарат беретін қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі «әйел» бейнесі алынды.

Мақал-мәтелдер әр түрлі аспектіде зерттеліп келеді. Ал, әлемдегі тіршілік негізін құрайтын бинарлық оппозицияның құраушы «элементі» болып табылатын әйел табиғатын түсінуде тілдік зерттеулер (мақал-мәтелдер арқылы) әлемнің барлық мәдениеттерінде орын алып отыр десек қателеспейміз: Л. Асименг-Боэнениң *The social construction of sub-Saharan women's status through African proverbs* (Африка мақал-мәтелдері арқылы Сахараның оңтүстігіндегі әйелдер мәртебесінің әлеуметтік құрылысы) (2013) [6] атты, Г. Диаба және Н.А. Аппиа Амфоның *Caring supporters or daring usurpers? Representation of women in Akan proverbs* (Қамқор жақтастар ма, әлде батыл басып алушылар ма? Акан этникалық тобы мақал-мәтелдеріндегі әйел бейнесі) (2015) [7], Л.А. Ханның *Discursive construction of patriarchy: A feminist critique of Punjabi proverbs* (Патриархаттың дискурсиялық құрылысы: Пенджаби мақал-мәтелдерінің феминистік сыны) (2018) [8], Т.Г. Нисран және С.Б. Тизазудың *Discourse analysis on the representation of women in Western Gurage proverbs* (Батыс Гураж мақал-мәтелдеріндегі әйелдердің бейнесі туралы дискурсты талдау) (2019) [9], Б.А. Ломотей және С. Чачудың *Gender ideologies and power relations in proverbs: A cross-cultural study* (Мақал-мәтелдердегі гендерлік идеологиялар мен билік қатынастары: мәдениетаралық зерттеу) (2020) [10], И. Сахир және С. Зубаирдің *Women in punjabi proverbs: cultural models, gender ideologies and stereotyping: Cultural models, gender ideologies and stereotyping* (Пенджаби мақал-мәтелдеріндегі әйелдер: мәдени үлгілер, гендерлік идеологиялар және стереотиптер: мәдени үлгілер, гендерлік идеологиялар және стереотиптер) (2020) [11] атты еңбектерін атап өтуге болады. Бұл аталмыш бағыттағы көлемді зерттеулердің біраз бөлігі ғана және таным-мәдениет-тіл үштігінің қағидаттарының негізінде әйелдер туралы мәдени-этнотанымдық мәні зор тілдік фактілер – мақал-мәтелдердегі әйел бейнесін когнитивтік құрылым тұрғысында ғылыми талдау қай кезде де өзекті мәселе екендігін көрсетеді. Алайда қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі әйел бейнесіне қатысты мәселе арнайы зерттеу нысаны болған емес. Осы мәселеге терең талдау жасау үшін сипаттама-аналитикалық, концептуалдық талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Туыстас екі тілдің мақал-мәтелдеріндегі әйел бейнесін салыстыру кезінде әрбір лингвомәдениеттің жалпы және ерекше белгілерін айқындауға тырыстық. Қазақ және түрік тіліндегі «әйел» концептісіне қатысты ұғымдарды талдасақ, әйел қашанда өмірге нәресте әкелуші, барлық жылулық бастауы, тіршілік тынысы мен отбасының ұйытқысы саналған. Қазақ тілінде әйелді сипаттайтын тіл бірліктерін сәби, қыз бала, бойжеткен, келіншек, келін, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, әже, кемпір деп өз ішінен жасына қарай бөліп атаған.

«Әйел» концептісі қоғамның әйел жынысына деген көзқарасын білдіреді. Қазақ және түрік этностарында әйелге отбасының сақтаушысы, әйел, ана, қайын ене рөлі берілген. Қазақ халқы әйел бойындағы еңбекқорлық, қонақжайлылық, жайдарлылықты бағалайды. Түрік мақал-мәтелдерінде әйел отбасының және үйдегі жайлылықтың қамқоршысы ретінде көрінеді. Алайда түрік мақал-мәтелдерінде әйел сенуге болмайтын, құпияны сақтай алмайтын және ұрыс-керісті, жанжалды бастаушы ретінде де көрінеді.

Дегенмен екі туыстас этнос әйелдің мінезі мен адамгершілік қасиеттерін әйел сұлулығынан жоғары қойып бағалайды. Қазақ және түрік этностарының лингвомәдениеттерінде әйелдердің сөзшендігі, салақтығы, ашкөздігі, сараңдығы өтірік айтатындығы және тәкаппарлығы сыналады.

Кез-келген лингвомәдениеттің негізі болып табылатын «әйел» концептісі зерттелетін мәдени-лингвистикалық қауымдастықтарға тән әлемнің бейнесін айқын көрсетеді. Мақалада қарастырылып отырған тілдердегі «әйел» концептісін талдау барысында патриархалдық өмір салтының әсерінен туындаған ұқсастық белгілері байқалды. Терең деңгейлер менталитеттердің ерекшеліктеріне, сондай-ақ әлеуметтік-тарихи факторларға байланысты айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі негізгі концептілердің бірі – «әйел» концептісі. Өйткені ол белгілі бір мәдениетке байланысты әлемнің тілдік бейнесінің негізгі бірлігі болып табылады. Сонымен қазіргі когнитивті лингвистикада «әйел» концептісінің табиғатын зерттеу өзекті болып табылады.

Қазақ халқының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» гендерлік концептосфераға енетін «әйел» концептосферасын қыз, келін, ана, қатын, тоқал т.б. ұғымдар мен олардың өрісіне енетін гендерлектілер аясында қарастыруға болады. «Әйел» концептісі түрік тілінде «kadın, katun» таңбалауышы, қазақ тілінде «әйел» және «қатын» таңбалауышы болып табылады. Бұл таңбалауыштар зерттелетін ұғымның негізгі репрезентанттары болып табылады, өйткені олар жиілік сөздіктеріне, сондай-ақ түрік және қазақ тілдерінде жүргізілген верификация деректеріне сәйкес екі тілде де неғұрлым жиілігі жоғары, ол күнделікті сана үшін бұл ұғымның ең көп қолданылатын атаулар екенін көрсетті.

Қазақ тіліндегі «әйел» лексемасы, сөздікте «жұбай, зайып, қатын» деген мағынада берілген [1, 65].

Сондай-ақ «адам баласының ұрғашы жыныстылары» [2],
(айал عيال)

1. Бала-шаға (ар.).

2. Әйел, қыз (пар.). Әгарда ол балаңыз әйел болса, Қойыңыз Зүһра деп қыздың атын («Қисса Таһир – Зүһра». Бабалар сөзі. 19-том. 2005. 100 томдық).

3. Ер адамның жұбайы. Әйелім сонда тұрып айтты халін, Аузынан аһ дегенде шықты жалын («Қисса Жәмшид». Бабалар сөзі. 6-том. 2004. 100 томдық). Әйелпаз – қатын құмар, әйелге әуес [3].

ӘЙЕЛ. з а т. 1. Адам баласының ұрғашы жыныстылары.

Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,

Адам жоқ, кімді дос деп мен жағушы ем?

Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек.

Көзінен жасы шықса, бойына ем (Абай, Тол. жин.).

Қазақтың қара көздерінің сиқырлы күші Европа **әйелінен** кем емес (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Еркек көктен түскен жоқ,

Бәрі - адамның баласы.

Әйел жерден шыққан жоқ,

қыз бен ұлдың анасы (К.Әзірбаев, Танд. шығ.).

2. Жұбай, зайып, ер адамның құрсағы.

ер күткен әйелдердің тәні - алтын,

Алтынды таза сақта біліп парқын (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Әйелің жақсы болса, қонағың мен үйіңнің тұрағы (Ел аузынан).

Әйелі жақсы қандай-ды,

Жарқырап жанған шамдады (Базар жырау, Шығ.).

3. к ө н е. Тұрмыс құрмаған қыз бала, қыз. Әйел тапты ма? - қыз туды ма? Әйел ме, еркек пе? - қыз ба, ұл ма? (В.Радлов, Зерт.) [4].

ӘЙЕЛ. «бала-шаға», «әйел, қыз» (пар.), «ер адамның жұбайы» (пар.) [5]. Қазақ тілінде екінші және үшінші мағыналары орныққан.

Түрік тілінің сөздігінде (ТДК) әйел сөзіне келесідей 4 түрлі сипаттама берілген:

1. isim Erişkin dişi insan; hatun, hatun kişi, bayan, karı, nisa, zen:

"Yanlarında, kendileriyle ahbablık edecek dostlar, hizmetlerine koşacak kadınlar veya erkekler görmek isterler." - Abdülhak Şinasi Hisar

2. isim Bu cinsten olup evlenmiş veya bir erkekle beraber olmuş kimse; avrat.

3. sıfat Analık veya ev yönetimi bakımından gereken erdemleri, becerileri olan.

4. isim, mecaz Ev işlerinde çalışan bayan.

5. isim "Hanım, bayan" anlamında kullanılan seslenme sözü.

Түрік тілінде *Kadın* сөзімен қатар *bayan* сөзі де синонимдес қолданылатынын көруімізге болады

Қазақ тілінде сөйлейтіндерден байқағанымыз «әйел» лексемасының әдеби бірлік екенін, ал «қатын» лексемасы кейде ауызекі, төмендетілген деп есептелетінін байқаймыз.

Әйелге қатысты қазақ және түрік мақал-мәтелдері тиісті ұлттық мәдениеттердің ұқсас тұжырымдамалары номинациясының құралы болып табылады. Мақал-мәтелдер қоғамның тарихы мен өмір салты, әлеуметтік-мәдени құрылым туралы білуге көмектесетіні белгілі. Адамдардың құнды пікірлерін қалыптастыруда мақал-мәтелдердің маңызы зор деп саналады. Себебі қолданылатын тіл мен дискурстың формасы белгілі бір мәдениеттің ұзақ уақыт бойына қалыптасуына негіз болатыны және болашақ ұрпаққа отбасы арқылы берілетіні белгілі шындық.

Сан ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ата-бабаларымыздың мәдениеті, рухани байлығы мен дүниетанымы, ділі бүгінгі ұрпаққа тіл арқылы ғана жетті. Тілдің бұл құдыреті жөнінде ғұлама ғалым Ә.Қайдар өз пікірін төмендегіше өрбітеді: «Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталады екен. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасымен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйініуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, тануы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап бағамдауы бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін көрсететін айна іспеттес», - деп этнос пен тіл байланысының нәзік тамырын дәл басып көрсеткен [12, 28].

Мақал-мәтелдер – қай тілде болмасын, халық даналығының қайнар көзі, ақылман ойшылдар, ділмәр-шешендер, айтқыш даналар сөзінің мәйегі, ұйтқысы болып саналады.

Біз өз зерттеуімізге қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің гендерлік қырын сипаттауды мақсат еттік. Мақал-мәтелдердің қазақ және түрік тілдеріндегі гендерлік қырын сипаттау «әйел» және «еркек» концептілерін талдау шеңберінде өрбиді. Әйел және еркек концептілері – кез-келген ұлт дүниетанымында айрықша орын алатын әмбебап концептілер.

Гендер («gender» ағылшын тілінен ауд. «род», «тек» деген мағ. білд.) – бұл, биологиялық емес, әлеуметтік жағдайларға (қоғамдық еңбектің бөлінуі, спецификалық әлеуметтік функциялар, мәдени стереотиптер) тәуелді әлеуметтік жыныс, әйелдер мен еркектер арасындағы айырмашылықтар.

Еркек пен әйелдің биологиялық тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленетіні – бұл өзгермейтін физикалық факті. Бірақ гендерлік ұғым қоғамдағы ерлер мен әйелдердің айырмашылығын

көрсетеді. Қоғам мен мәдениеттің ерлер мен әйелдерге жүктейтін міндеттері мен артар үміттері әрқалай, сондай-ақ мұндай ерекшеліктер гендерлік рөлдердің есебінен болуы мүмкін.

Мәдени элементтермен бірге болашақ ұрпаққа дәстүр жалғастығын беру арқылы әлеуметтік процестерге ықпал ететінімізді де ұмытпау керекпіз. Бұл тұрғыда мақал-мәтелдерде гендерлік екпін бар деуге болады. Бұл гендерлік рөлдердің көбеюі әйелдің қоғамдағы мәртебесі мен рөліне оң әсер етуі мүмкін.

Гендерлік теория отыз жылдай бұрын әлеуметтік ғылымдарда пайда болған. Оның негізгі тұжырымдамасы – гендер мен жыныс ұғымдары арасындағы айырмашылық. «Помещая индивидуальный жизненный опыт в более широкую теоретическую дискуссию о гегемонистской женственности, я стремлюсь дать детальный взгляд на такую амбивалентность, иллюстрируя, как мои собеседники аппроксимируют многочисленные, иногда противоречащие друг другу, концепции «идеальной женственности», рассказывая о своих надеждах и дилеммах. Более того, я полагаю, что нарратив «обхода феминизма» заслуживает более серьезного научного внимания», [13, 345] – деп кейбір әлемдік ғалымдар әйел мәселесіндегі гендер, гегмония, мінсіз әйел тақырыптары әлі болса, зерттеу нысына алыну керектігін алға тартады. Жыныс адамның биологиялық, физиологиялық құрылымына жатады. Гендер ұғымы қоғамның әйелдер мен еркектердің биологиялық жынысына байланысты таңатын әлеуметтік рөлдері арасындағы, әрекет-қылықтарындағы және эмоционалдық сипаттамаларындағы айырмашылықтарды білдіреді. Мұндай процесстер келіп тіл білімінде гендерлік лингвистиканы тудырды. Бұл фактор қазақ ауыз әдебиеті, соның ішінде мақал-мәтелдер бойынан жақсы көрініс тапқан. Қай мақалды алсақ та ол ер не әйел адамның жас ерекшеліктеріне, мінез-құлқына және іс-әрекеттеріне байланысты келеді.

Әйелге қатысты тұжырымдамалар күрделі семантикалық бірліктер болып табылады, олар өз кезегінде тілде әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде паремиямен қарастырылған әртүрлі аспектілерден тұрады. Лю Бодың пікірінше, «әйел» ұғымы 3 аспектке ие – әлеуметтік, физикалық және жеке, таратып айтсақ: «Ішкі адам» - психологиялық сипаттамалар, моральдық қасиеттер, зияткерлік қабілеттер; «сыртқы адам» - биологиялық және физиологиялық сипаттамалар, сыртқы келбеті және «әлеуметтік адам» – отбасылық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік маңызы бар қызметі [14, 17].

Қазақ және орыс тілдеріндегі «әйел» концептісін зерттеген М.С.Досимованың пікірінше, ассоциативті эксперименттің бағытталған әдісінің көмегімен қарастырылып отырған концептінің мазмұны мен құрылымын талдаған «әйел/қатын» концептілерінің мазмұны орыс тіліндегі келесі когнитивті белгілермен бейнеленеді: «әйел» – әдемі (0.91); үй шаруашылығын жүргізеді (0.75); отбасымен айналысады (0.42). Қазақ тілінде тұжырымдамалардың мазмұнында мынадай белгілер басым: «әйел» – үй шаруашылығын жүргізеді (0.74); әдемі (0.65); отбасымен айналысады (0.60); көп жұмыс істейді (0.53) [15].

Ал қазақ мақал-мәтелдерінде әйелдердің жағымды және жағымсыз қасиеттері атап өтіледі. Мақал-мәтелдердің көпшілігінде фольклорлық жанр ретіндегі мақал-мәтелдердің тарихи-мәдени ерекшеліктерін түсіндіретін «әйел» лексемасы бар, олардың көпшілігі ескі түсініктерді бейнелейді. Олар ескі кезеңнен бастап әйелді атау үшін «қатын» сөзін қолданған. Қазіргі уақытта «қатын» сөзі көбінесе немқұрайлы, жағымсыздау қолданылады.

Қазақ мақал-мәтелдерінде мына белгілер көрініс тапқан, олар әйелдерді әлеуметтік рөлі, отбасылық жағдайы, мінез-құлық және өзіндік ерекшеліктері бойынша сипаттайды. Әйел затының алғашқы міндеті дүниеге ұрпақ әкелу, десек те бірнеше баланы бағу, қатарға қосу оңай іс емес, сондықтан сәбиді дүниеге әкелген әйелге жылы сөздің қайсысы да лайық екендігін меңзейді.

Әлеуметтік аспект, әйел – үйдің, ошақ қасының қамқоршысы, ол тура әйелдің бейнесінде бейнеленген.

Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады.

Ал осындай мазмұнда түрік тілінде келесі мақалды кездестіруге болады:

“Evi ev eden avrat (kadın), yurdu şen eden devlet.” (мағынасы: үйді үй қылған әйел)

“Kadın erkeğin eşi, evin güneşidir.” (сөзбе-сөз: әйел еркектің жары, үйдің жарығы)

Әйелде үй шаруашылығына епті болмауы мақал-мәтелдерде айыпталады:

Қазақ т.: Жалқау қатынның төсегі тал түске дейін жиналмас.

Салақ қатынның үйінен, сабақты ине табылмас.

Түрік т. Kadın var, arpa ununu aş eder, kadın var buğday ununu taş eder.”

Kadın var ev yarar, kadın var ev yarar.” (мағынасы: үйді жасайтын да әйел, жуатын да әйел)

Kadınsız ev olmaz.” (мағынасы: әйелсіз үй болмас)

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі әйелдің әлеуметтік және мәртебесі екіге бөлінеді: бір жағынан, әйелдің қоғамдық рөлі танылады, ал екіншісінен – әйел шығуға болмайтын міндеттердің шекаралары анықталады. Мысалы әйелдер туралы сөз еткенде жұмсақтық, нәзіктік, мейірімділік, сезімталдық, күмәншілдік, аса сақтық, байқағыштық, құбылмалылық, тиянақтылық, отбасы ұйтқысы сияқты бейнелері мен мінез-құлықтары ойға келеді. Ал еркектер басшы, күшті, шешім қабылдаушы, қатал, мансапқұмар, жауынгер, отбасы асыраушы сияқты бейнелерді ойға келтіреді. Сонымен әйелдердің басшылық қабілеттері құрметтелмейді. Мысалы:

Әйелі азған елдің ертеңі жоқ

Асыл әйел – әрі еркек, әрі қатын

Әйел бастаған көш оңбас

Әйел жерден шыққан жоқ, ол да еркектің баласы. Еркек көктен түскен жоқ, әйел оның анасы.

Қазақ мақал-мәтелдерінде әйелдің ең маңызды әлеуметтік рөлдерінің бірі – жақсы жар, жақсы әйел болу идеясы:

Жақсы әйел жаман еркекті хан қылады.

Ерін сыйлаған әйел елін де сыйлайды.

Жақсы қатын жаман еркекті адам етеді.

Әйел – мойын, еркек – бас.

«Әйел» ұғымының физикалық аспектісі қазақ тілінде әйелдік тартымдылық туралы мақал-мәтелдермен ұсынылған:

Әдемілігіне көз тоймайды.

Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар.

Астың дәмін тұз келтірер, ауылдың сәнін қыз келтірер.

Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу!

Сонымен әйел атауымен байланысты тіл бірліктерін топтар болсақ. Халқымыз еңбектің небір қиыншылығы мен бейнетін көріп, артынан соның рахатына бөленген. Осыны ертерек ойлаған ана қызын еңбекке тәрбиелеуді отбасы, ошақ қасынан бастаған. Тіпті төсек жинау, үй тазалау, тамақ істеуінің өзі үлкен сын. «Шешесін көріп қызын ал», «Аяғын көріп асын іш», «Жақсы қыз біреу келсе есік ашар, жаман қыз біреу келсе төрге қашар» деген мақалдар осыны меңзеген.

Әйел еріне жұбай, қосақ не соның қостыны. Еркектің жақсысын асырып, жаманын жасыратын, жыртығын жамайтын тек әйел ғана. Ер азаматтар «Артымда тұяқ қалды» деп жатады. Олар алдымен өзін дүниеге әкелгені үшін анасына борышты болса, екінші ретте өзіне бала сыйлағаны үшін қосағына қарыздар. «Әйелдің жақсысы – ақылшын», - деп әйелдің абзал қасиеттері еріне кеңес беріп, ақыл айтып отыруын айтқан. Мақал-мәтелдегі әйелдің гендерлік көрінісі осылайша дамып отырады. «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сүйенсек әйелдің қоғамдық, әлеуметтік рөлін толық ашып бере аламыз. Бұрынғы кезеңде әйел тек үй шеңберінде қалса, қазір әйел мемлекетте саясатқа араласып, ерлермен өз пікірін білдіретін дәрежеде.

Сондықтан қазақ мақал-мәтелдерінің гендерлік сипатын зерттеу – әлі де тың ізденістерді қажет ететін және жан-жақты талдап, толықтырып отыратын өзекті тақырыптардың бірі.

Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің ұқсастық деңгейлері бар. Ұқсастық немесе сәйкестік – әртүрлі. Толықтай сәйкесетін мақал-мәтелдер бар (сөзбе-сөз). Екінші – құрылымындағы сыңарларында бір-екі сөз мағыналас басқа сөзбен беріледі. Үшінші – ғана

сәйкес, ал құрылымы әр тілдің өз логикасы бойынша қалыптасып, едәуір ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Демек жалпы мағынасы сақталады да, құрылымындағы өзгерістер молырақ болады.

Түрік және қазақ мақал-мәтелдері тілдің ұлттық және мәдени семантикасының әсерінен пайда болды, яғни олар этникалық жағынан ерекше және мәдени түрде белгіленген. Басқаша айтқанда мақал-мәтелдер тарих, дін, әлеуметтік құрылым, географиялық жағдай, фольклор, дүниетаным, өнер, күнделікті өмір және т. б. сияқты ұлттық өмір салтының құрамдас бөліктерімен тығыз байланысты. Бұл мәдени компоненттің арқасында түрік немесе қазақ мақал-мәтелдері тіл иелмендеріне түсінікті және таныс.

Эмпирикалық бақылаулар үшін қазақ және түрік тілдерінде мәдени таңбаланған мақал-мәтелдер қолданылды, олардың құрамында «әйел» концептісінің семантикалық компоненті бар. Сөздіктерден зерттеуге алынған тілдік бірліктердің жалпы саны 281 (қазақ тілінде 127 және түрік тілінде 154). Бүгінгі таңда әртүрлі тақырыптық топтарға, соның ішінде әйелдер тақырыбына қатысты түрік мақал-мәтелдері бойынша көптеген жұмыстар бар. Көптеген түрік және қазақ мақал-мәтелдерінің негізгі айтар ойы толық ашылмаған, бұл сәйкестендіруді, түсіндіруді және салыстыруды қиындатады. Кейбір тілдік бірліктердің күшті бейнелік сипаты әйел компонентінің белгілі бір мақалда бар-жоғын бағалауды қиындатады. Мысалы, *Cins kedi ölüsünü göstermez* мақалында әйел туралы ештеңе айтылмаған; алайда мақалдың метафоралық сипаты оны лайықты әйел мінез-құлқына сілтеме ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

1-кесте – Әйелдер тақырыбына қатысты түрік мақал-мәтелдері

Түрікше	Аудармасы	Қазақша
Oğlan doğuran övünsün, kız doğuran dövünsün.	Ұл туғанға мақтау сөз, қыз туғанға даттау сөз.	<i>Ұл туғанға күн туады</i>
Bir kızı bin kişi ister, bir kişi alır	Бір қызды мың адам қалайды, бір адам алады.	<i>Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды.</i>

2-кесте – «Жақсы әйел» және «жаман әйел» концептісінің көрінісі

Түрікше	Аудармасы	Қазақша
Kişiyi vezir eden de karısı, rezil eden de	Адамды уәзір ететін де, маскара ететін де әйелі.	<i>Еркектің басын көрге сүйрейтін де, төрге сүйрейтін де әйел.</i>
Dişi köpek kuyruğunu sallamayınca, erkek köpek ardına düşmez	Әйел ит құйрығын сипаған кезде, еркек ит қарап тұрмайды.	<i>Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді.</i>
Kadının şamdanı altın olsa mumunu dikecek erkektir	Әйелдің шамы алтын болса да, ол шам жағатын адам болар еді.	<i>Алтын басты әйелден бақа басты еркек артық. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа. Байтал шауып бәйге алмас.</i>
Dişi yalanmazsa erkek dolanmaz.	Егер әйел өтірік айтпаса, ер адам алдамайды.	<i>Әйелден қулық артылмаған.</i>

Жоғарыда берілген мақал-мәтелдердегі әйелдердің бейнесі ерекше, ұлттық менталитетке негізделген және мәдени мағыналарға толы екендігінде күмән жоқ. Мұсылман және Батыс Еуропа дәстүрлеріндегі әйелге деген әртүрлі көзқарас үлкен қызығушылық тудырады. Осылайша түрік және қазақ мәдениеттеріндегі мақал-мәтелдердегі әйелдердің салыстырмалы зерттеуі үлкен қызығушылық тудырады деп ойлаймыз.

Егер жоғарыда айтылғандарды зерттелетін мәліметпен қорытындылайтын болсақ, онда әйелге көбінесе жағымсыз қасиеттер жатқызылатындығын атап өтуге болады, бірақ бірнеше мақал-мәтелдерде олардың жағымды жақтары да ашылады.

Жоғарыда келтірілген талдауларды түйіндесек, қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде әйелдің жеке сипаттамалары да, белгілі бір жағдайларда оның әлеуметтік рөлі де ұсынылған. Бұған қоса әйелге берілетін сипаттамалар мен рөлдер арасында байланыс және олардың өзара әсері бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Салыстырылған тілдік мәдениеттерде әйелдерге қатысты анықталған мақал-мәтелдер түрік және қазақ тілдерінде ұсынылған 4 негізгі топқа бөлінді. Бұл мақал-мәтелдер 1) әйелдің табиғаты туралы жалпы түсінік; 2) еркек пен әйелдің қарым-қатынасы; 3) әйелдің отбасы мен үйдегі рөлі; 4) әйелді үйден тыс жерде әлеуметтену жолдары.

Қорыта келгенде әйелге қатысты қазақ және түрік тілдерінде қандай мәдени мағыналық топтар ашылатынын анықтаған болдық.

Бұл топтағы мақал-мәтелдер ішінде әйел өзінің сыртқы келбеті әдемі, сұлу, қаласа оны алдау, арбау мақсатында да қолдана алады. Оларға өзгергіштік және тұрақсыздық тән. Әйелдер қаласа алдайды, жылайды, тыныштық қаламаса мазасыздық сыйлайды.

Екі мәдениетте де көрінетін басқа жағымсыз мәдени мағыналар – бұл әйелдік әлсіздік, нәзіктік және қабілетсіздік. Әйел жұмысы ешқашан бітпейді әрі бағаланбайды.

Әйелдің ер адамға қарағанда күнәға жақын деп ойлау идеясы бар екенін байқаймыз. Осыған байланысты әйелдің табиғаты жеңіл, сонымен қатар оның дау-дамай және қақтығыстарды тудыру қабілетіне назар аударылады.

Сонымен қатар түрік лингвомәдениеті әйелдің ерекшелігінің бірі әлемді өзгерте алатын әйелдік энергиясы бар деп мойындайды. Екі мәдениеттегі мақал-мәтелдердің үлкен ұқсастығына қарамастан, түрік тіліне қарағанда қазақ тілінде әйелдің дәрежесін көтеретін мақал-мәтелдер көп деп қорытынды жасауға болады.

Концептосфералардың түрік және қазақ паремиологиялық бөліктеріндегі «әйел» концептуалды сферасының мазмұнын салыстыру нәтижесінде түрік және қазақ тілдік санасында ұқсас концептуализациясын көрсететін сәйкестік аймақтары мен саралау аймақтары анықталды. Әйелге, ең алдымен, оның негізгі әлеуметтік және әйел, үй иесі, ана болу рөлімен байланысты қасиеттер жатады.

Екі тілдің де мақал-мәтелдер қорында әйелдің төменгі әлеуметтік мәртебесі туралы түсінік бар, бұл гендерлік стереотиптің ежелден қалыптасқан жағдайын көрсетеді. Осылайша, қазақ және түрік тұжырымдамалары мазмұны жағынан жақын және едәуір интегралды құрамдас бөлікке ие, ол бір мультимәдени кеңістіктегі көршілес лингвомәдениеттердің тұжырымдамалары мен тығыз өзара әрекеттесуінің нәтижесінде біртіндеп артып келеді. Нәтижесінде түрік және қазақ ұлттық сана-сезімінің концептуализациясының жақындасуы байқалады.

Зерттеу көрсеткендей «әйел» концептісі түрік және қазақ концептосферасының жарқын және коммуникативтік релевантты концептілері болып табылады, оларда әмбебап және ұлттық-мәдени өзіндік ерекшеліктер бар. Түрік және қазақ тілдеріндегі «әйел» концептосферасының гендерлік, жас, аумақтық және топтық ерекшеліктерін анықтау ғылыми қызығушылық тудырады. Әртүрлі халықтардың мақал-мәтелдерін салыстыру бұл халықтардың қаншалықты ортақ екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде олардың өзара түсінушілігі мен жақындасуына ықпал етеді.

- 1 Железна, Ю. В. «Отбасы» концептісін лингвокогнитивтік және лингвомәдени зерттеу: фил. ғыл. кандидатын алу үшін. дис. автореф: 10.02.19. – Ижевск: Удмурт. мем. ун-т, 2009.
- 2 Кубрякова, Е. С., Демьянков, В. З. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігі. – Москва, 1996. – 90 б.
- 3 Ислам, А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): 10.02.02: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 228 б.
- 4 Жиренов, С. А. Тілдегі афоризмдердің концептуалды сипаты // ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2010. – №5. – 13-16 б.
- 5 Маслова, В. А. Когнитивтік лингвистика: Оқу құралы/В. А. Маслова – Мн.: Тетра Системс, 2004. – 256 б.
- 6 Asimeng-Boahene, L. (2013). The social construction of sub-Saharan women's status through African proverbs. *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 4(1), 123-131. <https://doi.org/10.5901/mjss.2013.v4n1p123> [Google Scholar]
- 7 Diabah, G., & AppiahAmfo, N. A. (2015). Caring supporters or daring usurpers? Representation of women in Akan proverbs. *Discourse & Society*, 26 (1), 3–28. <https://doi.org/10.1177/0957926514541343> [Crossref], [Web of Science ®], [Google Scholar]
- 8 Khan, L. A. (2018). Discursive construction of patriarchy: A feminist critique of Punjabi proverbs. *NUML Journal of Critical Inquiry*. <https://www.researchgate.net/publication/329359365> [Google Scholar]
- 9 Lomotey, B. A., & Chachu, S. (2020). Gender ideologies and power relations in proverbs: A cross-cultural study. *Journal of Pragmatics*, 168, 69–80. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2020.07.001> [Crossref], [Web of Science ®], [Google Scholar]
- 10 Nisrane, T. G., & Tizazu, S. B. (2019). Discourse analysis on the representation of women in Western Gurage proverbs. *International Journal of Environmental and Science Education*. <https://www.ijese.net/makale/2126.html> [Google Scholar]
- 11 Sagheer, I., & Zubair, S. (2020). Women in punjabi proverbs: cultural models, gender ideologies and stereotyping: Cultural models, gender ideologies and stereotyping. *Journal of Gender and Social Issues*, 19(1), 85–98. <https://jgsi.fjwu.edu.pk/jgsi/article/view/218> [Google Scholar]
- 12 Болғанбаев, А. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999. – 965 б.
- 13 Хуэй Zhao “I’m not a feminist, but ...”: Hegemonic femininities and women’s autonomy revisited in a Chinese university // <https://doi.org/10.1080/12259276.2023.2254961> , *Asian Journal of Women's Studies*, Volume 29, 2023 - Issue 3 Pages 344-363 | Received 23 Feb 2023, Accepted 07 Aug 2023, Published online: 12 Sep 2023
- 14 Лю, Бо. Әлемнің орыс тілі бейнесіндегі «әйел» концептісі (Қытай фондында): фил. ғыл. кандидатын алу үшін. дис. Автореф. – Владивосток, 2010. – 26 б.
- 15 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

Материал 30.06.2023 баспаға түсті

Аспекты лингвокультурного изучения концепта «женщина» в казахских и турецких пословицах

А.М. Елубай¹, Г.А. Сарсеке¹

¹НАО «Евразийского национального университета им. Н. Гумилева», Астана 010000, Республика Казахстан

Концепт «женщина» является одним из основных понятий в сознании носителей казахского и турецкого языков. Статья посвящена результатам сравнительного

исследования концепта «женщина» в пословицах и поговорках на казахском и турецком языках.

Сравнивая пословицы и поговорки на казахском и турецком языках, основной целью является раскрытие национального характера, выявление сходства, описание национальных особенностей концепта «женщина».

Актуальность работы заключается в сочетании языкового образа человека, в том числе концепта «женщина», являющегося основным ядром концептуального поля, с общей антропогенной направленностью современной лингвистической науки.

Актуальность работы заключается в сочетании языкового образа человека, в том числе концепта «женщина» с общим антропо-логическим направлением современной языкознания, которое является основным ядром концептуального поля, поля и тенденции развития антропологической лингвистики и культурных антропологических наук в лингвистике.

Современная лингвистическая наука доказывает, что язык, отличаясь друг от друга через свои специфические закономерности, наряду с изоляцией, имеет и общие закономерности, присущие большинству из них. В статье был проанализирован концепт «женщина» в языковом образе казахского и турецкого народов на основе материалов пословиц и поговорок. В названных лингвокультурах были описаны основные когнитивные стереотипы, определяющие основные типичные точки зрения «женщины», структурирующие данный концепт в языковом сознании двух стран; определены структурные и содержательные единицы концепта «женщина».

В ходе изучения материалов исследования, в результате применения методов исследования сделан вывод о сходстве и особенностях концептуальной сферы «женщина» в турецком и казахском языках.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, языковая картина мира, пословица, концепт, концепт "женщина", лингвокультурное единство.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Железнова, Ю. В. Лингвокогнитивное и лингвокультурное исследование концепта «Семья»: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Ижевск: Удмурт. гос. ун-т, 2009.
- 2 Кубрякова, Е. С., Демьянков, В. З. Краткий словарь когнитивных терминов [Текст]. – Москва, 1996. – 90 с.
- 3 Ислам, А. Языковая картина мира в контексте национальной культуры (сравнительно-сопоставительная лингвокультурная экспертиза): 10.02.02: док. филол. наук. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 228 с.
- 4 Жиренов, С. А. Концептуальный характер афоризмов в языке // Известия НАН РК – 2010. – №5. – С. 13-16.
- 5 Маслова, В. А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие /В. А. Маслова – Мн.: Тетра Системс, 2004. – 256 с.
- 6 Asimeng-Boahene, L. (2013). The social construction of sub-Saharan women's status through African proverbs. *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 4(1), 123-131. <https://doi.org/10.5901/mjss.2013.v4n1p123> [Google Scholar]
- 7 Diabah, G., & Appiah-Amfo, N. A. (2015). Caring supporters or daring usurpers? Representation of women in Akan proverbs. *Discourse & Society*, 26 (1), 3–28. <https://doi.org/10.1177/0957926514541343> [Crossref], [Web of Science ®], [Google Scholar]
- 8 Khan, L. A. (2018). Discursive construction of patriarchy: A feminist critique of Punjabi proverbs. *NUML Journal of Critical Inquiry*. <https://www.researchgate.net/publication/329359365> [Google Scholar]
- 9 Lomotey, B. A., & Chachu, S. (2020). Gender ideologies and power relations in proverbs: A cross-cultural study. *Journal of Pragmatics*, 168, 69–80. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2020.07.001> [Crossref], [Web of Science ®], [Google Scholar]

10 Nisrane, T. G., & Tizazu, S. B. (2019). Discourse analysis on the representation of women in Western Gurage proverbs. *International Journal of Environmental and Science Education*. <https://www.ijese.net/makale/2126.html> [Google Scholar]

11 Sagheer, I., & Zubair, S. (2020). Women in punjabi proverbs: cultural models, gender ideologies and stereotyping: Cultural models, gender ideologies and stereotyping. *Journal of Gender and Social Issues*, 19(1), 85–98. <https://jgsi.fjwu.edu.pk/jgsi/article/view/218> [Google Scholar]

12 Болганбаев, А. Словарь казахского языка. – Алматы, 1999. – 965 с.

13 Xuyi Zhao “I’m not a feminist, but ...”: Hegemonic femininities and women’s autonomy revisited in a Chinese university // <https://doi.org/10.1080/12259276.2023.2254961> , *Asian Journal of Women's Studies*, Volume 29, 2023 - Issue 3 Pages 344-363 | Received 23 Feb 2023, Accepted 07 Aug 2023, Published online: 12 Sep 2023

14 Лю, Бо. Концепт «женщина» в русской языковой картине мира (на фоне китайской): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Владивосток, 2010. – 26 с.

15 Словарь казахского литературного языка. В пятнадцати томах. 2-том / Сост.: Г.Қалиев, С.Бизаков, О. Накысбеков и т.д. – Алматы, 2011. – 744 с.

Материал поступил в редакцию журнала 30.06.2023

Aspects of linguocultural study of the concept of "woman" in Kazakh and Turkish proverbs

A.M. Yelubay¹, G.A. Sarseke¹

¹NAO "L. N. Gumilyov Eurasian National University", Astana, 010000, Kazakhstan

The concept of “woman” is one of the main concepts in the minds of speakers of Kazakh and Turkish languages. The article is devoted to the results of a comparative study of the concept “woman” in proverbs and sayings in the Kazakh and Turkish languages.

The main goal of comparing proverbs and sayings in the Kazakh and Turkish languages is to reveal the national character, identify similarities, and describe the national characteristics of the concept “woman”.

The relevance of the work lies in the combination of the linguistic image of man, including the concept of “woman”, which is the main core of the conceptual field, with the general anthropogenic orientation of modern linguistic science.

The relevance of the work lies in the combination of the linguistic image of a person, including the concept of “woman” with the general anthropological direction of modern linguistics. This is the main core of the conceptual field and trend in the development of anthropological linguistics and cultural anthropological sciences in linguistics.

Modern linguistic science proves that languages, while differing from each other through their specific patterns, along with isolation, share general patterns inherent in most of them. The article analyzed the concept of “woman” in the linguistic image of the Kazakh and Turkish peoples based on the materials of proverbs and sayings. In these linguistic cultures, the main cognitive stereotypes defining the main typical points of view of “woman” were described. This structures the concept in the linguistic consciousness of the two countries and setermis the structural and content units of the concept “woman”.

The study comes to a conclusion that the features of the conceptual sphere of “woman” in the Turkish and Kazakh languages are similar.

Key words: cognitive linguistics, linguistic picture of the world, proverb, concept, concept of «woman», linguocultural unity.

REFERENCES

1 Zheleznova, YU. V. Lingvokognitivnoe i lingvokul'turnoe issledovanie koncepta «Semya»: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk: 10.02.19 [Linguocognitive and linguocultural study of the concept "Family": author. dis. ... cand. philol. Sciences:]. – Izhevsk: Udmurt.gos.un-t, 2009.

- 2 Kubryakova, E. S., Dem'yankov, V. Z. *Kratkij slovar' kognitivnyh terminov* [Concise Dictionary of Cognitive Terms]. – Moskva, 1996, – 90 p.
- 3 Islam, A. *Ultytk madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvo-madeni saraptama): 10.02.02: filol.gyl. dok. ... dis.* [Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative Linguo-cultural examination): 10.02.02: philol.gyl. doc. ... dis]. – Almaty, 2004. – 228 p.
- 4 Zhirenov, S. A. *Tildegi aforizmderdin konceptualdy sipaty* [Conceptual character of aphorisms in language]. // *Izvestiya NAN RK* – 2010. – №5. – P. 13-16.
- 5 Maslova, V. A. *Kognitivnaya lingvistika: Uchebnoe posobie* [Cognitive Linguistics: Study Guide]./V. A. Maslova – Mn.: Tetra Sistems, 2004. – 256 p.
- 6 Asimeng-Boahene, L. (2013). The social construction of sub-Saharan women's status through African proverbs. *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 4(1), 123-131. <https://doi.org/10.5901/mjss.2013.v4n1p123> [Google Scholar]
- 7 Diabah, G., & AppiahAmfo, N. A. (2015). Caring supporters or daring usurpers? Representation of women in Akan proverbs. *Discourse & Society*, 26 (1), 3–28. [Text]. <https://doi.org/10.1177/0957926514541343> [Crossref], [Web of Science ®], [Google Scholar]
- 8 Khan, L. A. (2018). Discursive construction of patriarchy: A feminist critique of Punjabi proverbs. *NUML Journal of Critical Inquiry*. <https://www.researchgate.net/publication/329359365> [Google Scholar]
- 9 Lomotey, B. A., & Chachu, S. (2020). Gender ideologies and power relations in proverbs: A cross-cultural study. *Journal of Pragmatics*, 168, 69–80. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2020.07.001> [Crossref], [Web of Science ®], [Google Scholar]
- 10 Nisrane, T. G., & Tizazu, S. B. (2019). Discourse analysis on the representation of women in Western Gurage proverbs. *International Journal of Environmental and Science Education*. <https://www.ijese.net/makale/2126.html> [Google Scholar]
- 11 Sagheer, I., & Zubair, S. (2020). Women in punjabi proverbs: cultural models, genderideologies and stereotyping: Cultural models, gender ideologies and stereotyping. *Journal of Gender and Social Issues*, 19(1), 85–98. <https://jgsi.fjwu.edu.pk/jgsi/article/view/218> [Google Scholar]
- 12 Bolganbaev, A. *Kazak tilinin cozdigi* [Stretching the Cossack language].– Almaty, 1999. – 965 p.
- 13 Xuyi Zhao “I’m not a feminist, but ...”: Hegemonic femininities and women’s autonomy revisited in a Chinese university // <https://doi.org/10.1080/12259276.2023.2254961> , *Asian Journal of Women's Studies*, Volume 29, 2023 - Issue 3 Pages 344-363 | Received 23 Feb 2023, Accepted 07 Aug 2023, Published online: 12 Sep 2023
- 14 Lyu, Bo. *Koncept «zhenshchina» v russkoj yazykovej kartine mira (na fone kitajskoj): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk.* [The concept of «woman» in the Russian language picture of the world (against the background of Chinese)]: abstract. dis. ... candidate of Philology. science]. – Vladivostok, 2010. – 26 p.
- 15 *Kazak adebi tilinin sozdigi*. [Dictionary of the Kazakh literary language] On bes tomdyk. 2-tom / Kurast.: G. Kaliev, S.Bizakov, O. Nakysbekov zhane t.b. – Almaty, 2011. – 744 p.

Received: 30.06.2023